

«Еркіншілік ауылының жалпы  
орта білім беретін мектебі» КММ- нің  
директоры Исатаева Б.Г -ға  
директордың тәрбие ісі жөніндегі  
орынбасары Салқынбаева А.А -дан

2023 – 2024 оку жылына Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»  
КММ бойынша тәрбие жұмысы бойынша  
мектепшілік бақылау есебі.

Сынып сағаты бұл фронтальды тәрбие жұмысын үйымдастырудың кең таралған түрлерінің бірі. Олар кестеге сәйкес аптастына бір рет өткізіледі. Мұнда оқушылардың сынып жетекшісімен еркін карым-катынас формасы басым. Сынып сағаттарының тақырыбы сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының жоспарында көрсетілген. Олардың тақырыбы оку жылына қойылған тәрбиелік мақсаттардан туындайды, тәрбие жұмысының жалпы мектептік жоспарымен келісіледі.

Сынып сағаттары түрінде тәрбие іс-шараларын өткізуудің негізгі мақсаты белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыру, қоғамдық өмірге, танымдық, еңбек қызметіне қызығушылықты қалыптастыру, коммуникативтік және үйымдастырушылық қабілеттерін дамыту болып табылады. Сынып сағатының нәтижесі көбінесе сынып жетекшісінің оған деген қызығушылық дәрежесіне байланысты.

*Міндетті түрде өткізілетін тәрбие сағаттары:*

"Мектебім мейірім мекенім"

"Мемлекеттік рәміздер үлттық мактандышымыз"

"Құқықтық сауаттылық-уақыт талабы"

"Тәуелсіздік тірегім"

"Ұлы мамыр мәңгі есте!"

"25 Қазан-Республика күні"

"Отқа оранған он жыл"

"Халықтар достығы"

«ЖИТС ғасыр ауруы»

"Бірлігіміз жарасқан"

"Әлемнің балалары терроризм мен экстремизмге карсы"

*Сынып жетекшілері таңдаған тақырыппары:*

"Сен өз құқығынды білесің бе?"

"Айналамдығылар менің қандай қасиетімді бағалайды?"

"Үлттық тәрбие дегеніміз не?"

"Үлттық салт дәстурлері"

"Отбасы шағын мемлекет"

"Еңбек түбі береке"

"Көп тілді білу көп мүмкіндік"

"Әсемдік әлемді құтқарады"

"Қауіпсіз ғаламтор"

Сынып сағаттарын ұйымдастыруда сыннып жетекшілері тәрбиенің әртүрлі формаларын қолданады. Сынып жетекшілерінің алдына қойған білім беру мақсаттары білім алушылардың іс-әрекетінің нәтижесінде болашақта ересек өміріне өтуіне көмектесетін қасиеттерді қалыптастыратыны манызды. Барлық сыннып ұжымдарында достық атмосфера байқалады, сыннып сағаттары қызықты өтеді. Окушылар өз ойларын ашық жеткізеді, сыннып жетекшісін құрметтейді, басқаларға шыдамдылықпен карайды. Көптеген сыннып сағаттарында сыннып жетекшілері АКТ қолданады. Барлық сыннып жетекшілерінде сыннып сағаттарының жүйелілігі байқалады. Барлық сыннып сағаттары өте жақсы деңгейде өтеді, өткізу формалары әртүрлі. Мектепішілік бақылаудың негізгі бағыттарының бірі сыннып жетекшілерінің күнделіктітерін уақытылы тексеруін бақылау болып табылады.

Тексеру мақсаты: сыннып жетекшілерінің күнделіктітерді уақытылы тексеруі. Күнделік жүргізудің бірыңғай стандарттарын орындау. 1-11 сынып окушыларының күнделіктітерін тексеру негізінен сыннып жетекшілері окушылардың күнделіктітерін рәсімдеуге және жүргізуге койылатын бірыңғай талаптардың сақталуын бақылау бөлігінде өздерінің лауазымдық міндеттерін орындауға қатысты екенін көрсетті.

Тексеру кезінде мыналар анықталды:

Кестедегі оку пәндері көп жағдайда дұрыс қысқартылған және орфографиялық қатесіз жазылған;

Күнделіктіerde түрлі түсті қаламдармен, қарапайым қарындашпен жасалған жазбалар бар;

Окушылардың барлығы үй тапсырмасын жаза бермейді; Бағаларды түзету және корректорды колдану кездескен;

Бірінші тексеріс уақытында окушылардың көбісінде титулдық бетті, пән мұғалімдері туралы мәліметтерді, бірінші жартыжылдықтағы кесте бетін толтырмаған. Кейінгі тексерісте категіліктітерін жойған. Жыл ішінде 59% ата-аналар ғана балаларының күнделіктітерін уақытылы тексеріп, өз қолдарын қояды. Окушылардың күнделіктітерін 2-11 сынып жетекшілерінің негізгі бөлігі уақытылы тексереді;

"Үйге жол" схемасы 1-4 сынып окушыларының 98% бар;

82% окушылардың күнделіктітері бірыңғай титулдық параптарымен қапталған;

Барлық 2-11 сыныптарда жоғары деңгейде бағалардың жинақталуы; 81% окушылардың күнделіктітері ұқыпты және барлық ережелерге сәйкес жүргізіледі;

Бастауыш және орта буын окушыларының күнделіктітерінде сыннып жетекшілері ұлы педагогтардың балаларды тәрбиелеу туралы сөздерін, жолдағы кауіпсіздік ережелері, қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері және бейтаныс адамдармен және төтенше жағдайларда жүріс-тұрыс ережелерін таныстыруды; Былтырғы оку жылдағыдай осы бағыттағы басты мәселелердің бірі ата-аналардың балаларының қадағалауының төмендігі. Жоғарыда көрсетілгендей тек 63% ата-ана ғана балаларының күнделіктітерін дер кезінде тексеріп кол қояды. Мұның бәрі ата-аналардың жауапкершілігінің төмен дәрежеде екендігін көрсетеді. Осы тақырып бойынша ата-аналарға бірнеше рет ватсал желісі арқылы ескертулер айтылды.

Қорытындылар мен ұсыныстар:

Анес Х, Санах Ю. Депутат Наурызгүл, Лажай Айнұр, Аманкелді Гулдаурен, Фылымхан Есения, Мухамед Оралгүл т.б сыннып жетекшілерінің күнделіктітері бойынша он жұмыс

атап өтілді, өйткені оқушылардың күнделіктегі "күнделіктірді толтырудың бірыңғай талаптарына" сәйкес жүргізілді, оқушылардың ағымдағы бағалары күн сайын қойылады;

Сонымен қатар 1-11 сыныптардың сынып жетекшілері оқушылардың күнделік толтыруға қойылатын бірыңғай талаптарды орындауы бойынша жұмысты күшейтсін, оқушылардың күнделіктегімен тұрақты, сапалы жұмыс жүргізсін (ағымдағы баға қою, күнделік жүргізуі бақылау, үй тапсырмаларын жазу);

Пән мұғалімдеріне үнемі, сабакта оқушылардың алған бағаларын қою;

Сынып жетекшілеріне "Күнделік оқушының айнасы" такырыбы бойынша тәрбие сағатын өткізу ұсынылды;

Сынып жетекшілеріне ата-аналар жиналыстарында күнделіктегіде уақытылы тексерудің және оларға қол қоюдың маңыздылығы туралы ата-аналармен әңгіме жүргізу ұсынылды.

Сонымен қатар тәрбие жұмысының мақсатында көптеген іс-шаралар үнемі жүргізіліп отырады. Атап айтсақ оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Зорлық-зомбылықтың алдын алу», «Қемелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық тың алдын» алу жөніндегі жұмыс тың жай-күйі іс-шаралары ұйымдастырылып отырды. Мектеп психологы өз жоспарына сәйкес балалармен әр түрлі сауалнама жүргізіп, нәтижелерін шығарады. Педагог психологтың, кеңесшінің, дene шынықтыру кітапханашысы нұсқаушысының, медицина маманының жұмыс жоспарын орындау, кәсіптік бағдар беру. Оқушыларға психологиялық қолдау көрсету, психолог әрекетіне жүгіну қолжетімді болып табылады.

Аз қамтылған отбасы, толық емес отбасы, өгей әке немесе өгей шешемен тұратын балалардың отбасыларын үнемі бақылауда ұстау, қолдау, көмек көрсету жұмыстары жүргізілді. 2023-2024 жылдан бастап бастауыш сынып білім алушыларымен, аз қамтылған және көп балалы отбасылары бір мезгіл ысытқ тاماқпен қамтылып отырылды. Жазғы лагерьге тегін ыстық тاماқпен, жол дамалармен, өзгеде материалдық көмекпен қамтамасыз етіледі.

«Жас ұлан», «Жас қыран», өзін-өзі басқару ұйымдарының жұмысытары. Бұғінгі жас азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбеккүмар, білімге құштар, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, өршіл, қайсар етіп тәрбиелеуді, дәстүрімізді, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыруды көздейтін «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер үйімі» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиындар өткізілді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие жұмыстарының мазмұны. Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту болып табылады. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бойынша жұмыстардың жағдайы туралы, дene тәрбиесі мен салауатты өмір салтының тиімділігі, оқушылардың жарақаттануының алдын алу бойынша профилактикалық жұмыстардың жағдайы (жол қозғалысы ережелері, өмір қауіпсіздігі мәселелері) сынып сағаттарында әңгіме жүргізіледі.

Білім олқылықтарын толтыру және төмен көрсеткіштерді жою мақсатында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мырзахан .Қ, Салқынбаева А.А төмендегі көрсетілген

тақырыптар бойынша педагогикалық кенесте және мектеп директоры жанындағы жиналышында талдау жасап, анықтамалырын жинақтады:

"10 сынып білім алушыларының жалпы орта білім беру буынына бейімделуі";  
"Бастауыш, негізгі орта мектеп арасындағы сабактастықты жүзеге асыру";  
"Сынып жетекшілердің ата ана мен ынтымақтастық жұмыстары";  
"Өмірдің қызын кезеңдеріне кездескен балалармен жұмыс";  
"Құндылықтарды дамыту жұмыстары";  
"Жас сынып жетекшілердің атқарған жұмыстары";  
"Білім алушылардың өзін өзі басқару жұмыстары";  
"Тәрбиесі қызын бала қайдан шығады?";  
"Кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруды менің тәжірибем.  
Сынып жетекшілерінің жұмысы. Озық тәжірибе";  
"Білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру";  
"Ата - анамен жұмыс ұйымдастыру"

«Еркіншілік ауылдарының ЖОББМ» КММ директоры: *Нурисатаева Б.Г.*

